

**Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 894 нөмірімен тіркелген 2002 жылғы 26 маусымдағы N 8/4 "Қалалық Бюджет комиссиясын құру туралы" Қарағанды қаласы әкімиятының қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы**

Қарағанды қаласы әкімиятының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 32/2 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 12 қаңтарда N 1378 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына және 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-І "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес Қарағанды қалалық әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТТІ** :

1. Қарағанды қалалық әкімиятының 2002 жылғы 26 маусымдағы N 8/4 нөмірлі "Қалалық Бюджет комиссиясын құру туралы" қаулысына сәйкес, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 894 нөмірмен тіркелген, 2002 жылғы 14 қыркүйекте "Орталық Қазақстан" газетінде, 2002 жылғы 7 қыркүйекте "Индустриальная Караганда" газетінде жарияланды Қарағанды қаласы әкімиятының 2003 жылғы 19 наурыздағы қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы N 1 /5 "2002 жылғы 26 маусымдағы Қарағанды қаласы әкімиятының N 8/4 "Қалалық Бюджет комиссиясын құру туралы" қаулысына өзгертулер енгізу туралы Қарағанды облыстық Әділет басқармасында N 894 нөмірмен тіркелген", (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 1129 нөмірмен тіркелген, 2003 жылғы 27 мамырда "Индустриальная Караганда" газетінде жарияланды) қаулысының 1 тармағы ш ы ғ а р ы п т а с т а л ы н с ы н . < \* >

*Ескерту: Қарағанды қалалық әкімиятының 2002 жылғы 26 маусымдағы N 8/4 қаулысы РҚАО-на түспеген.*

2. Негізгі қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Нұрпеисов Руслан Құрманжанұлына жүктелсін.

Әкім